

Жиналыстың төрайымы М.Овезова
Хатшы М.Асанова

**«Гүлдер» балабақшасындағы
ӨНДІРІСТІК ЖИНАЛЫСЫНЫҢ**

№2 ХАТТАМАСЫ

Ақтау қаласы

04.12.2025ж

Күн тәртібі

1. Өткен жиналыстың шешімдерінің орындалуы
2. Ішкі еңбек тәртібінің орындалуы. 2026 жылғы еңбек демалысын ұйымдастыру
3. Техника қауіпсіздігі нұсқаулықтарының орындалуы

1. Балабақша әдіскері Б.Джуматова өткен жиналыс шешімі бойынша барлық топтарда тазалық жұмысы ұдайы жүргізіліп, барлық топтың жылы температурасы бір қалыпты болғанын, сонымен қатар балалардың балабақшадағы қауіпсіздікті сақтау шаралары жүргізілгені және тәрбиешілерге сабақ жоспары бойынша күнделікті көмек көрсетілгенін айтты.

2. Балабақша директоры М.Е.Овезова ішкі еңбек тәртібі бойынша барлық қызметкерлер жұмысқа уақытында келуге, тәрбиешілер формамен балаға сабақ жүргізу керектігін, тәрбиеші көмекшілері балаларға тамақ бері, ыдыс жуғанда арнайы форма, ал еден жуып бөлме тазалағанда басқа форма киіп қызмет атқару керектігін айтты. Балабақшада этика-эстетика нормаларын сақтау керектігін, балабақша ішіндегі қандай да бір мәселені өзара талқылауға, сыртқа шығармауға, барынша әдеп сақтау керектігін түсіндірді.

Сондай-ақ, 2025-2026 оқу жылында кезекті еңбек демалысына қай қызметкер қай уақытта шығатыны талқыланды. Нәтижесінде әр қызметкер демалысқа құрған жоспарына сай кезекті демалысқа шығаруын меңгеруші өзіне алды.

3. Балабақша директоры М.Е.Овезова барлық қызметкерлерді техника қауіпсіздік ережелерімен таныстырып баяндама оқып шықты. Жалпы аяқ-асты болатын қауіп-қатерден сақтану керектігін түсіндірді. Барлығы қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулыққа қол қойып шықты.

**Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе өндірістік жиналыс
ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Өткен жиналыстың шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін
2. Балабақшада ұжымы ішкі еңбек тәртібін қатаң түрде сақтасын.
3. Техника қауіпсіздігімен барлық қызметкерлер танысып, оны қатаң сақтасын



Жиналыстың төрайымы М.Овезова
Хатшы М.Асанова

**«Гүлдер» балабақшасындағы
ӨНДІРІСТІК ЖИНАЛЫСЫНЫҢ**

№3 ХАТТАМАСЫ

Ақтау қаласы

26.05.2026ж

Күн тәртібі

1. Өткен жиналыстың шешімдерінің орындалуы
2. Балабақшадағы гигиеналық шаралардың жүргізілу барысына талқылау
3. Жаз мезгіліне жалпы дайындықты жүргізу. Жаз мезгіліне тамақтануды ұйымдастыру.

1. Балабақша әдіскері Б.Джуматова өткен жиналыс шешімі бойынша балабақша қызметкерлерінің барлығы ішкі еңбек тәртібіне сәйкес қызмет атқарғанын айтты. Балабақшада қызметкерлері жұмыс барысында қызметтерін талапқа сай жұмыс атқаруда.

2. Балабақша медбикесі А.Абдирахманова балабақша балаларын алғашқы күндерден бастап гигиеналық дағдыларға үйрету керектігіне тоқталды. Ұқыпті болып жүрі, қолдарын, денелерін таза ұстап, шаштарын тарап, аяқ киімдерін таза ұстау маңызды. Балалар бұл әрекеттің барлығын айналаға деген сыйластықтың белгісі екендігін түсіну деп айтып өтті. Барлық топтарда жеке бас гигиенасын орындауға жағдай жасалғандығын айтты. Балабақшада санитарлық талаптардың орындалуы – бұл күнделікті жүйелі жұмыс. Барлық ережелерді нақты орындау арқылы балалардың денсаулығы сақталып, аурулардың таралу қаупі азаяды.

3. Балабақша директоры М.Овезова жаз мезгілінің келуіне орай балабақшаның дайындығын реттеу керектігін айтып кетті. Балабақшада тазалау жұмыстарын жүргізу керектігін, ойын алаңдарын сыпырып, балалар ойнау үшін құм толтырып, өткеншектер реттелу керектігін айтты. Балалар қауіпсіздігі сақталуын, сонымен қатар жаз мезгіліндегі тамақтануды қолға алуды медбике А.Абдирахмановаға тапсырды. Балабақшаның тазалығы және ас мәзірінің дұрыс жасалуы, жазғы мезгілдегі таңғы жаттығулардың дұрыс ұйымдастырылуын қолға алу керектігін айтты. Барлық педагог күн тәртібіне сәйкес жұмыс жүргізуді қатаң тапсырды.

**Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе өндірістік жиналыс
ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Өткен жиналыстың шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін
2. Балаларға мәдени гигиеналық талаптарды сақтауға барлық балабақша қызметкерлері атсалыссын.
3. Жаз мезгіліне жалпы дайындық жүргізілсін. Жаз мезгіліне тамақтануды ұйымдастыру медбике А.Абдирахмановаға тапсырылсын. Барлық педагог күн тәртібіне сәйкес жұмыстарын жүргізсін.



Жиналыстың төрайымы М.Овезова
Хатшы М.Асанова